

Сөрелік нөмір

«Бірінші болу – батылдық» КҚ

(«Winter Run 2022»

халықаралық жүгіру жарысын ұйымдастырушыға)

ҚОЛХАТ

қатысушы жарыс өткізу кезінде 18 жасқа толмаса, оны ата-анасы және/немесе басқа да заңды өкілдері толтырады

(өз қолымен толтырылады)

Мен, _____
(ата-анасының және/немесе заңды өкілінің аты-жөнін толық көрсету керек)

ЖСН _____, жеке басын куәландыратын құжат: (жеке куәлік, тұруға ықтияхат, төлқұжат) (керегінің астын сызу керек)

№ _____, (берілген күнін және берген мекемесін көрсету керек)

« _____ » _____ ж., _____
тарапынан берілген, заңды өкілімін және/немесе ата-анамын (керегінің астын сызу керек)

_____ (кәмелетке толмағанның аты-жөнін көрсету керек)

_____ жылы туған, ЖСН (бар болса) _____

баламның 2022 жылғы «17» сәуір Алматы қаласында өткізілетін «Алматы Полумарафон 2022» КҚ (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») ұйымдастыратын **«Winter Run 2022»** (қашықтық: _____) жүгіру жарысына (бұдан әрі – «Жарыс») қатысуына өз келісімімді беремін.

Осы арқылы:

1) Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/kk/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылған Жарысты өткізу туралы Қағидамен балам екеніміз танысқанымызды растаймыз және оны сақтауға толықтай келісеміз;

2) баламның дәрігерде медициналық куәландырудан өткенін және жарысқа қатысуға қарсы көрсетімдері жоқ екенін растаймын және Жарыс өткізілетін күнге қарай/Жарыс өткізілетін күні баламның денсаулығы нашарлаған жағдайда Жарысқа қатыстырмауға міндеттенемін;

3) баламда/жақын байланыс ортамыздың өкілдерінде Covid-19 вирустық ауруының симптомдары және/немесе белгілері анықталған жағдайда, не болмаса баламда/жақын байланыс ортамыздың өкілдерінде осы вирусқа жүргізілген талдау оң нәтижені көрсеткен жағдайда, өз баламды «Алматы Полумарафон 2022» жарысына (қатысушының сөрелік жинағын беруге және «Алматы Полумарафон 2022» стартына) қатыстырмауға міндеттенемін;

4) өз балама Коронавирус індетінің таралуына жол бермеу үшін Ұйымдастырушы қабылдап жатқан шараларды сақтаудың маңыздылығын түсіндіруге және оларды баламның орындауын қадағалауға міндеттенемін. Сондай-ақ, баламның Ұйымдастырушы тарапынан Сайтта орналастырылған Спорттық іс-шарада Covid-19 вирустық ауруының таралуымен күрес жөніндегі регламентпен танысқанын растаймын;

5) Жарыстың күрделілігін ұғынамын және түсінемін, сондай-ақ баламның мәлімделген Жарыс қашықтығын жүгіріп өтуі кезінде техникалық білімі мен тәжірибесі жеткілікті екенін және жарысқа қатысу үшін физикалық тұрғыдан және ақыл-ойы жағынан

дайын екенін мәлімдеймін

6) баламның Жарысқа қатысуы нәтижесінде баламның денсаулығы үшін қолайсыз салдар туындауы мүмкін екенін түсінемін, өз баламның қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін жауапкершілікті толығымен өзіме аламын.

5) Ұйымдастырушы менің балам қайтыс болған немесе балам жарысқа қатысушы ретінде жарақат алған жағдайда, баламның меншігінің жоғалуы немесе зақымдануы кезінде, сондай-ақ Жарыс кезінде болған Жарысқа қатысушы ретінде менің баламның кез келген физикалық залалдары үшін жауапты болмайтынын растаймын, сондықтан мен Жарыстың Ұйымдастырушысына (оның қызметкерлеріне) және демеушілерге қойылатын қандай да бір материалдық және өзге де кінәрат-талаптар мен талаптардан ерікті түрде және біле тұра бас тартамын. Бұл шағымдардан бас тарту ықтимал мұрагерлеріме және қамқоршыларыма таралады және жарыс өткізілгенге дейін, жарыс кезінде және одан кейін әрекет етеді;

6) Жарыс кезінде балам екеуіміз ешқашан және қандай да болмасын жағдайларда басқа қатысушыларға, Ұйымдастырушыға және демеушілерге, бөгде тұлғаларға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қасақана жасамайтынымызды растаймыз;

7) Ұйымдастырушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауы мақсатында, баламды Жарысқа қатысуын тіркеу үшін:

- Ұйымдастыру комитетінің сұрау салуы бойынша осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды (өзімнің және баламның) ұсынуға келісемін;

- Ұйымдастырушының сайтында баламның Жарысқа қатысуы тіркеу нысанын толтыра отырып және Ұйымдастырушыға осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды ұсына отырып, Жарыс Ұйымдастырушысына берілетін баламның дербес деректерін тек менің баламды Жарысқа қатысуға тіркеу мақсатында ғана жинауға, өңдеуге, пайдалануға және сақтауға өз келісімімді беремін;

8) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Алматы Марафоны» спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында төмендегілерге өз келісімімді беремін:

- баламның Жарысқа қатысуы және менің Жарысқа қатысуым барысында Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың менің және баламның суретін бейнеге жазуына және суретке түсіруіне (фотосурет және/немесе бейнеролик):

- Ұйымдастырушыға менің атымды және баламның атын пайдалануға, менің және баламның суретін және/немесе Жарыс нәтижесінде алынған басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды мерзімі және пайдалану аумағы бойынша шектеусіз, кез келген тәсілдермен және кез келген құралдармен жариялауға, жаңғыртуға және таратуға. Осы Келісімді белгісіз мерзімге өтеусіз негізде беремін.

9) Осы қолхатқа қол қою кезінде есірткілік, уытқұмарлық, алкогольді мас күйде болмағанымды, денсаулық жағдайым бойынша құқықтарымды жүзеге асыра және қорғай алатынымды және міндеттерімді орындай алатынымды, қол қоятын құжаттың мәнін түсінуіме кедергі жасайтын ауруларға шалдықпағанымды растаймын, сондай-ақ жаңылысу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, арам ниетті келісу немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында еместігімді растаймын.

Осы құжаттың мәтінін мен дербес оқыдым, мазмұны менің нақты мақсаттарым мен ниетіме сәйкес келеді, құжаттың мәні мен құжаттың заңдық салдары маған түсінікті.

Қолхат жасалған күн: « ____ » _____ 2022 ж. Қолы: _____